

ЖАСАНДЫ МҰЗ АЙДЫНЫНДА ЖЫЛ БОЙЫ ЖАТТЫҒУҒА БОЛАДЫ



Ержан Әбіш

Өскеменде жасанды мұз айдыны бар заманауи хоккей модулінің құрылысы аяқталды. Спорт нысанының салтанатты ашылу рәсіміне облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ қатысып, спортсүйер қауымды қуаныштарымен құттықтады.

(Соңы 2-бетте).

Жасанды МҰЗ АЙДЫНЫНДА жыл бойы жаттығуға болады

(Соңы. Басы 1-бетте).

№11 мектеп-гимназия аумағындағы жаңа спорт нысанының құрылысын облыстық әкімдікпен қол қойылған меморандумның аясында «Қазақмыс» корпорациясы қаржыландырған. Аталмыш компания балаларға арналған бұл мұз айдынын салу үшін 275 миллион теңге көлемінде қомақты қаражат жұмсапты. Мердігер ұйым – «Гидростальконструкция» кәсіпорны еңбеккерлерінің жүйелі жұмысы арқасында жабық хоккей модулі үш айдың ішінде-ақ бой көтерген. Енді осы жерде мектеп оқушылары мен жас спортшылар жыл он екі ай жаттығатын болады.

Хоккей модулінің ашылу салтанатында аймақ басшысы жас спортшыларға өзінің құттықтау сөзін арнады.

– Сіздерді облыс орталығында жасанды мұз айдыны бар алғашқы хоккей модулінің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын, – деді аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ. – Бұл жайлы жағдайларда жаттығып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге, чемпион атануға арналған тамаша мүмкіндік! Ал бапкерлерге мен ерекше алғыс айтқым келеді.

Облыс Әкімі Шығыс Қазақстанның, оның ішінде Өскеменнің қысқы спорт түрлеріндегі, әсіресе шайбалы хоккейдегі жарқын жеңістерімен даңқы шыққанын атап өтті. Өңірімізден көптеген чемпиондар, олимпиадасылар түлеп шықты. Өткен жылы біздің саңлақтар Азиада жеңімпаздары атанды. Еліміздің құрамаларында Шығыс спортшыларының үлес салмағы басым, кейбіреулерінің есімі әлемге әйгілі. Спорттық

резервті әзірлеу жөнінен облыс орталығы алғашқы орындардың бірін иемденеді.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ спорты дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылғанын атап көрсетті, мәселен «Жол картасы» бағдарламасы аясында Өскеменде қырық шақты әмбебап спорт алаңы салынды. Кәсіпорындармен меморандумдарға қол қойылды. Жергілікті билік алдағы уақытта да бұл істерді жалғастыратын болады.

Естеріңізге сала кетсек, «Қазақмыс» корпорациясы «Восток» стадионын Еуропа футбол одағы қауымдастығының (УЕФА) стандарттарына сай қайта жарақтандыруға қаржы бөлгенді. «Қазцинк» ЖШС заманауитеннис орталығын тұрғызды. Қазір Спорт сарайын жөндеп жатыр. Қала маңында тау шаңғышыларына арналған аспалы көтергіш салынды. Комсомол аралында үш спорт алаңы, үлкен хоккей қорабы орнатылды. Осы нысандардың барлығы да бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында бой көтеруде. Аймақ басшысы барлық кәсіпорын жетекшілеріне ризашылығын айтып, мұндай нысандардың құрылысы облыс бойынша жалғасын табатынына сенім білдірді.

Хоккей модулін барынша қысқа мерзімде салып шыққаны үшін аймақ басшысы «Гидростальконструкция» құрылыс компаниясының директоры Анатолий Синицынге «Еңбек сіңірген құрылысшысы» медалін табыс етті, мердігер ұйым басшысы келесі нысанның бұдан да сапалы болатынына уәде берді. Сондай-ақ, облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ жеті жасар өскемендік дарынды хоккейші Иван Щегловқа жеңістерге жет деген ниетпен «Қазцинк-



Торпедо» хоккей командасының үздік ойыншылары қолдарын қойған сырғытпа таяқты табыстады, ал №11 мектептің оқушыларына хоккей формасының он комплектісін сыйға тартты.

Спортардагері, еліміздің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Олимпиада чемпионы Борис Александровтың бапкері, Өскеменнің құрметті азаматы Юрий Тархов жас спортшыларға игі тілегін айтып, балаларға ойынның бірнеше

амал-тәсілін көрсетті.

Алдағы уақытта Жібек маталар комбинаты шағын ауданындағы №24 мектептің аумағында тағы бір хоккей модулі ашылмақ. Ол мұз айдынында да орта мектептердің оқушылары жаттығатын болады. Келешекте дәл осындай модульдарды өңіріміздің өзге қалаларында салу жоспарлануда.

Суретті түсірген Сергей СУРОВ